

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп

Тренинг

**Тақырыбы: «Мамандық тандау-өміріңіздің
бір кірпішін дұрыс қалау»**

Педагог психолог: А.Қасымбекова

Тренингімді қазақ халқының біртуар ақыны, ойшыл, психолог деп айтсам да қателеспеймін Абай Құнанбаевтың өлең жолдарымен бастамақпын.

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан,

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан!-дей отырып бітіруші түлектерімізге сәтті сапар тілейміз. Қымбатты бітіруші түлектер! Еліміздің туын көкте желбірететін, мамандықтарын дұрыс таңдаған, майталман болатындарыңа үлкен сеніммен қараймын!

Ж. Аймауытов айтқандай:

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе». Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек. Өз-өзіңе «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоя отырып, жауап таба білу керек. Өз ісіне сенімді, мамандығын дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Ал сендер өз мамандықтарыңды таңдап, өз еліме қалай қызмет етсем, дамыған, болашағы зор, әлемде мәртебесі ары қарай жоғарылаған МЕМЛЕКЕТКЕ айналдырамын деген ой үстінде боларсыңдар.

Олай болса тренингіміздің тақырыбы:

Мамандық таңдау-өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау

Мақсаты: Мамандық таңдауда жауапкершілік қалыптастыру. Өзіне сенімділік ұялату. Болашаққа нық сеніммен қарап, кез-келген жағдайлардан оң шешім таба біліп, еңбектің арқасында алар асуларының биік екеніне бағыттау. Сонымен қатар таным процесстерін жаттықтыру, оқушының психологиялық дайындығымен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.

Жоспары:

Тренинг ережесімен таныстыру.

I«Таныстыру» тренингі. «Мен сенімен мақтанамын...!»

II «Мені жұмысқа алыңыз!» жаттығуы.

III «Әріпті мамандық» сайысы.

IV «Жаңа ертегі» жаттығуы.

V «Бірігіміз жаттығуы.

I Таныстыру жаттығуы «Досым мен сенімен мақтанамын!»

Барысы: «Бәрінен күшті адам -өзіне-өзі сенетін адам» деген дәйексөз бар. Ал сен досыңа сенесің бе? Олай болса мына ретпен досымызға сенім білдіре отырып қонақтарға таныстырайық. «Досым сенің бойыңдағы мына.... қасиеттерің ұнайды. Сенің болашақта.... болатыныға сенемін. Менің мақтан тұтатын досымның асімі Камшат. Мен сенімен мақтанамын!

Талдау: 1. Досынды таныстыру қиын болды ма?

2. Шынайылық басым болды ма?

3. Қандай әсер алдыңдар?

Оқушылар, Еліміз қай салада ақсауда?

Сенің тигізер үлесің қандай?

II «Мені жұмысқа алыңыз!» жаттығуы

Барысы: Қымбатты оқушылар! Өздеріңді жоғарғы оқу орнын бітірген білімді маманмын деп елестетіңдер. Қолдарыңдағы дипломмен жұмысқа қалай орналасасыңдар? Өздерің қалайтын жұмыс орындарыңның басшысына өздеріңді таныстырып, жұмысқа қабылдайтындай етіп өздеріңді таныстырыңдар. Яғни:

Менің таңдаған мамандығым ...

Мен елімнің болашақ ... болатыныма сенімдімін.

Менің басқа әріптестерімнен ерекшелігім ... және күшті жақтарым ...

Мені жұмысқа алыңыз!

Ол үшін ортамыздан жұмыс берушіні дайындап алайық

Тапсырманың диалогы:

- 1.Мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес тәжірибесі бар маман қажет.
2. Жасы 35-тен үлкен емес, кәсіпқой маман қажет.
- 3.Ер маман қажет.
4. «Жан-жақты» кәсіпқой маман қажет.

Талдау: 1.Тапсырма қиын болды ма?

2.Осы жаттығудан не алдың?

III «Жаңа ертегі» жаттығуы

- **Барысы:** Сыныпты екі топқа біріктіреміз. Екі топқа да бірдей мағына білдіретін суреттер таратылып беріледі. Бірінші қатысушы бір суретті алады да, бірден, яғни, алдын-ала дайындықсыз, басты кейіпкер – суретте көрсетілген заттың көмегімен әңгіме, ертегі, детективті оқиға ойлап тауып, дауыстап айтып береді. Содан кейінгі ойыншылар сюжетті, суреттерді көрсетілген заттарды қатыстыра отырып жалғастырады.

Тапсырманы орындауға 3минут беріледі.

Талдау: Суреттерге қарап мәтін құрау қиын болды ма?

IV«Әріпті мамандық» сайысы

Барысы: Әр топқа бір әріптен беріледі. Қай топ сол әріптен басталатын мамандық аттарын көп тапса, сол топ жеңіске жетеді. Әр командадан бір оқушы шығады, үлестірмені алады Тапсырманы орындауға 1 минут беріледі.

«А» әрпінен басталатын мамандық.

«С» әрпінен басталатын мамандық.

«М» әрпінен басталатын мамандық.

Талдау: Бұл жаттығу бізге не берді?

V «Бірігіміз» жаттығуы

Барысы: Ойынға қатысушылар бастаушының сөзіне назар аударып тұруы тиіс,«бірігіміз үш адам баспен, төрт адам тіземен т.с.с.» тапсырманы орындайды. Жұпсыз қалғандар ойыннан шығады. Жеңімпаздар топтың қошеметіне ие болады.

Қорытынды

Мемлекетіміздің бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде болғандықтан сендер сауатты, білімді, бәсекеге қабілетті, жан дүниесі рухани дамыған, өмірден өз орындарыңды таба білетін мектебіміздің түлегісіңдер.

Ендеше мектеп түлегінің моделі:

-ӨЗІНЕ СЕНІМДІ

-ӨЗ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРА БІЛЕДІ

-ӨЗІН-ӨЗІ ОҚЫТУҒА БЕЙІМДІ

-ҰЖЫМҒА ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСА АЛАДЫ

-ӨЗ ОЙЫН ТОЛЫҚ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ

-ТӘЖІРИБЕДЕН ӨЗІНЕ ПАЙДАСЫН АЛА АЛАДЫ

-МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕ АЛАДЫ

-ӨЗ БЕТІМЕН ДҰРЫС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙ АЛАДЫ

«Асуларды алады жастар әлі,

Зор болашақ бүгіннен басталады» - деп тренингімізді аяқтаймыз.

Бірге: « МЕН ӨЗІМЕ СЕНЕМІН!

МЕН ЕЛІМНІҢ БОЛАШАҒЫМЫН!

МЕНИҢ ЖҰЛДЫЗЫМ ЖОҒАРЫДА!»

